

Кейбір су шаруашылығы объектілерін Оңтүстік Қазақстан облысының коммуналдық меншігіне беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 мамырдағы N 471 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қосымшаға сәйкес су шаруашылығы объектілері Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитетінің "Оңтүстіксушар" су шаруашылығы жөніндегі шаруашылық жүргізу құқығындағы Оңтүстік Қазақстан республикалық мемлекеттік кәсіпорнының теңгерімінен Оңтүстік Қазақстан облысының коммуналдық меншігіне берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен және Оңтүстік Қазақстан облысының әкімшілігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыға қосымшада көрсетілген объектілерді қабылдау-беру жөніндегі қажетті ұйымдастыру іс-шараларын жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 30 мамырдағы
N 471 қаулысына

қосымша

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
Су ресурстары жөніндегі комитетінің "Оңтүстіксушар" су
шаруашылығы жөніндегі шаруашылық жүргізу құқығындағы
Оңтүстік Қазақстан республикалық мемлекеттік кәсіпорнының
Оңтүстік Қазақстан облысының коммуналдық меншігіне
берілетін су шаруашылығы объектілерінің тізбесі**

P/c N	Су шаруашылығы объектілерінің атауы
1	Тігінен кәріздеу ұңғымасы
2	Мақтаарал филиалының коллекторлары
3	Шымкент магистральды каналы, құрылыстарымен бірге
4	Ақсай-Боз-Қарабастау магистральды каналы, құрылыстарымен бірге

5	1-кезектегі шығыс коллекторы, гидротехникалық бекеттерімен бірге
6	2-кезектегі шығыс коллекторы, гидротехникалық бекеттерімен бірге
7	Үлкен Келес магистральды каналы жүйесінің Р-1 каналы
8	Арыс-Түркістан филиалының коллекторлары
9	Шардара филиалының әкімшілік, өндірістік және азаматтық ғимараттары
10	Шардара филиалының көлігі және жабдықтары, шаруашылық мүкәммалы
11	Арыс-Түркістан филиалының өндірістік және азаматтық ғимараттары, екпе ағаштары, шаруашылық мүкәммалы
12	Сарыағаш филиалының шаруашылықаралық, үлестіргіш каналдары
13	Сарыағаш филиалының коллекторлары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК